



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ №65

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау туралы

2015 жылғы 15 желтоқсан

Алматы қ.

2015 жылғы 9 қарашада Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына ғана инвестициялау туралы шешім қабылдады. Бұл шешімге 2015 жылғы 11 желтоқсанда Экономикалық саясат жөніндегі кеңес те қолдау көрсетті.

Бұл инвестициялық стратегия уақытша болып табылады және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 тамыздағы №342-V Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін инвестициялау бағыттарын айқындау функциясы берілетін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес шешімдер қабылдағанға дейін қолданыста болады.

Мемлекет басшысының 2015 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан халқына Жолдауы шеңберінде берген тапсырмаларына сәйкес Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін басқарудың және инвестициялаудың жаңа тәсілдерін әзірлеу жөнінде ұсыныстар дайындауда.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

+7 (727) 3302 497

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz